

Кұрман орта мектебінің 2022-2023 оқу жылында 1 сыныппен жүргізілетін тәрбие жұмысының талдауы

2022-2023 оқу жылында 1 сыныпқа 11 оқушы қабылданды. Оның 4-еуі ұл бала, 7-еуі қыз бала. Жыл соңында 10 оқушы аяқтады. 1 оқушы отбасы жағдайына байланысты басқа мектепке көшті. Оқушылардың білім деңгейі жақсы, түгел сауаттанды.

Үздік оқушылар: Айсін З.Жалғасбай Б. Тұрланқызы А. Нұртай А. Смағұл М.

Екпінділер: Меңгереева Н. Талғатқызы А. Бітімәлі М.

Сыныптың әлеуметтік жағдайы: Сыныпта 10 толық отбасы. Сыныпта 3 оқушы көп балалы отбасынан: Тұрланқызы Айназ, Бітімәлі Мирас, Меңгереева Нұрайым. Оқу жылы сыныптың жаңа оқу жылына деген дайындығынан басталды. Оқушылардың мектепке материалдық жағынан даярлығы анықталып, ата-аналармен байланыс жасалды. Жыл бойы оқу құралдары түгел, мектеп формасы сақталды. Себепсіз сабақтан қалған оқушы болған жоқ.

Тәрбие ісінің орынбасарының жылдық жұмыс жоспарын негізге ала отырып, сыныппен жүргізілетін жұмыс жоспары құрылды. Бекітілген жұмыс жоспары бойынша 01.09.2022 жылы « Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық» тақырыбында алғашқы тәрбие сағаты өтті. Жасалған жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Оқушылар мектеп табалдырығын алғаш аттағандықтан, пән мұғалімдеріне бейімделу жұмыстары психологпен, әлеуметтік педагогпен жұмыстар жүргізілді. Мектеп ережесімен таныстырылды. Оқушылар мектепшілік өтілген іс-шараларға, апталықтарға, көрмелерге белсене араласты. Сонымен қатар ата-аналарға да бала тәрбиесі туралы түрлі тақырыптар төңірегінде жиналыстар мен кездесулер өткізілді. Тәрбие бағыты бойынша сынып сағаттары ұйымдастырылып, түрлі форматта жұмыстар жүргізілді. Сынып оқушыларының ата-аналарымен үнемі онлайн (ватсап желісі) офлайн байланыста болып отырдым. Ата-аналар іс-шараларға, мектеп әкімшілігінің ұйымдастырған түрлі жоспар, жұмыстарына (тренинг, сауалнама, дөңгелек үстел) т.б бала тәрбиесіне қатысты шараларға қатысып отырды. Ата-аналармен әр түрлі тақырыптарда баяндамалар оқылып, сауалнамалар алынды. Ата-аналар оқушылардың жыл бойына сабағына қатысты.

05.09. Отбасы күніне орай «Отбасының сәні- сыйластық» атты ашық тәрбие сағаты өтті. Онда оқушыларға отбасындағы құндылықтар туралы түсінік берілді.



24.10. күні Республика күніне «Қазақстан- Республикам менің» тақырыбында өткізілген сабақ оқушылардың бойында патриоттық сезімін қалыптастыруға зор үлесін қосты.



20-қараша Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында «Қылмыссыз балалық шақ» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. 14.11. «Теңге –Тәуелсіздік символы» атты тәрбие сағатында оқушылар төл теңгеміз туралы мағлұмат алды. «ҚР Мемлекеттік рәміздерін білесің бе?» сауалнама алынды. «Әлеуметтік желіні қолданасың ба?» тақырыбында пікірлесу сабағы өтті. «Бақытты отбасы-зорлық-зомбылықсыз әлем» атты әкелермен әңгімелесу сабағы өтіп, түрлі сұрақтарға жауап алынды. «Мамандығым –мақтанышым» тақырыбында өткізілген сабақта әр түрлі мамандық иелерімен таныса отырып, өскенде кім болғысы келетінін айқындай түсуге мүмкіндік алды. Аналар мерекесі, Ұлыстың Ұлы күніне орай ата-аналармен бірлескен шаралар өтті.



«Ғарыш- келешектің кемелді жолы»,

«Құстар біздің досымыз»,



«Достығымыз жарасқан еліміз»



және Ұлы Жеңіс мерекесіне арналып өткізілген тәрбие сағаттарының мақсаты оқушының бойында мейірімділік, Отансүйгіштік және т.б. жақсы қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ету.

Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатындағы сынып оқушылары төмендегі үйірме жұмыстарына қатысты.

	«Домбыра үйірмесі»	«Ән – көңілдің ажары»	Теннис үйірмесі	«Еркін күрес»
	Айсин З.	Тұрланқызы А. Нұртай А. Серікова Н.	Жалғасбай Бек	Айсин З. Жалғасбай Б. Бітімәлі Мирас Нұртай А.

Жыл соңында қорытынды сабақ беріліп, каникул кезіндегі қауіпсіздік шаралары таныстырылды.

2022-2023жж оқу жылында өткен тәрбие сағаттары

№	Тәрбие жұмысын бағыттары	Өтілген тәрбие сағаттар саны 34 сағат	Қосымша тәрбие сағаттар саны
1	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	6	3
	Мінез-құлық мәдениетіне, оның ішінде интернет кеңістігіндегі киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу	2	2
2	Отбасылық тәрбиесі	2	2
3	Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты	4	2
4	Ұлттық тәрбие	3	2
5	Рухани – адамгершілік тәрбие	5	2
6	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	6	2
7	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	3	2
8	Дене тәрбиесі салауатты өмір салты	3	2

Сынып жетекшісі: Ниязова Рима Куттыгаевна